ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 24 шілде №7119-24-00-2/8759 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің ««Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» МКҚК

ЖАУАПКЕР:
«Атамекен» жеке кәсіпкеріне басшысы Туребекова Әсемай Толыбайқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің ««Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» МКҚК жауапкер «Атамекен» жеке кәсіпкеріне басшысы Туребекова Әсемай Толыбайқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

«Атамекен» жеке кәсіпкеріне басшысы Туребекова Әсемай Толыбайқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюшыға Астана қаласы әкімдігінің ««Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» МКҚК тиісті бюджеттен осы талап қою бойынша1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге төленген мемлекеттік баж қайтарылсын.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.Алиев

Көшірмесі дұрыс
Судья Б.Алиев

Анықтама: сот шешімі 2 қыркүйек 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья Б.Алиев